

Аудандық мәслихаттың 2005 жылғы 21 қазандағы N 97 "Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" шешімін заңға сәйкестендіру туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2009 жылғы 24 сәуірдегі N 90 шешімі. Ақтөбе облысының Байғанин аудандық әділет басқармасында 2009 жылдың 20 мамырда N 3-4-75 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2012 жылғы 29 қазандағы № 42 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2012.10.29 № 42 Шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 7 бабына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2005 жылғы 21 қазандағы № 97 «Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы» (2005 жылғы 28 қазанда Ақтөбе облысының әділет департаментінде № 3-4-15 болып тіркелген, аудандық «Жем-Сағыз» газетінің 10 қараша 2005 жылғы № 47 санында жарияланған) шешімі төмендегі ретте заңға сәйкестендіріліп өзгеріс енгізілсін:

шешімнің сілтемесіндегі: «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» деген сөздер «№ 148 Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» деген сөздермен алмастырылып оқылсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Қ. Сарқұл

Мәслихат хатшысы

Б. Турлыбаев